

## **2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы**

**Жобаның атауы:** BR 10965310 Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу.

**Жобаның жалпы қаржысы:** 145 800 000 теңге.

**Жоба жетекшісінің аты-жөні:** PhD Сыздықов Бақдәулет Сапарбайұлы.

**Тақырыптың өзектілігі:** Қазақстан Республикасының алдында тұрған басым міндеттердің бірі қазақ халқының объективті тарихын құру болып табылады. Бағдарлама Қазақ хандығы қалаларының өзіндік ерекшелігін, даму және құлдырау кезеңдерін анықтауға және көрсетуге, оның экономикалық негізін - көшпенділіктің, мал шаруашылығы мен отырықшылықтың үйлесімін, дала мен қаланың өзара қарым-қатынасын негіздеуге мүмкіндік береді, Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңі туралы білімді байытады және толық, жүйелі ғылыми пайым береді. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында археологияның дәстүрлі әдістерімен қатар, пәнаралық зерттеулерде жүргізіледі, оның ішінде жаратылыстану, ақпараттық, мәдени антропологиялық зерттеулерде жүргізіледі. XV-XVIII ғғ. қолжазба деркелеріне ғылыми талдау жүргізіледі, қазба жұмыстарынан табылған нумизматикалық материалдар тартылады. Материалды мерзімдеу кезінде салыстырмалы-тарихи, жүйелі әдістер, жаратылыстану ғылымы әдістер (мысалы, абсолютті калибрленген күндерді алу кезіндегі радиокарбондық әдіс) қолданылатын болады. Палеоэкономиканы зерделеу кезінде палеозоология және палеоботаника әдістері қолданылатын болады. Бағдарламада масс-спектрометрия әдісін қолдана отырып, қазба жұмыстарынан табылған органикалық үлгілерді мерзімін анықтауға ерекше назар аударылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде Сығанақ қалашығында кешенді зерттеулер жүргізіледі, қаланың құрылысы мен функционалдық ерекшеліктері анықталады, көне тұрғындардың этникалық құрамы айқындалады, қаланың Қазақстан тарихындағы рөлі айқындалады, Ұлы Жібек жолындағы Қазақ хандығының қалалары арасындағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстар туралы мәліметтер тереңдетілеп, зерттеу әдістері жетілдіріледі, заманауи технологиялар мен зерттеу әдістерін археологиялық материалдарды зерттеу, өңдеу және талдау жасау үшін қолданылады.

**Тақырыптың мақсаты:** Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қалашығы туралы түсінікті кеңейту үшін кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу. Қалашықтың материалдық және рухани мәдениетінің негізгі элементтерін қайта жаңғырту, Ұлы Жібек жолындағы Қазақ хандығының көрнекті қалалары арасындағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстар туралы мәліметтерді тереңдету. Тәуелсіздігіміз бен қуатты мемлекеттігіміздің тірегі ретінде ежелгі қала тарихын дәріптеу.

**Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:** 1) тұрғын үй және қоғамдық кешендердің жоспары, қалашықтың құрылысы мен функцияналдық ерекшеліктері туралы жаңа деректер алу; 2) тұрғын үй кешендерінің, магистральдық көшелердің және махалля көшелер жүйелерінің планиграфиясы туралы жаңа деректер алынады, бұл Қазақ хандығының ежелгі қалалық орталықтарының функциялануы жайлы түсінігімізді айтарлықтай кеңейтеді; 3) Сығанақ халқының этникалық құрамы туралы жаңа деректер алынады; 4) Сығанақ қалашығының орта ғасырлар кезеңіндегі маңызы мен рөлі және оның мемлекетіміздің тарихи қалыптасуына қосқан үлесі туралы деректер алынатын болады; 5) Сығанақ қаласының Қазақ хандығының басқа қалаларымен мәдени және экономикалық өзара байланысы туралы жаңа деректер алынады, бұл Ұлы Жібек жолында орналасқан қалалардың өзара қарым-қатынасының нақты тарихын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді; 6) заттарды зерттеу барысында жаңа және толық ақпарат алу, материалдарды мерзімдеу; 7) Қызылорда облысының облыстық музейінің экспозициялары жаңа бірегей артефактілермен толықтырылады; 8) Сығанақты тарихи-мәдени мұра объектісі ретінде сақтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу, ұсынымдар өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады, қалашықта туристердің келуіне арналған жаңа презентабельді объектілер құрылады; 9) Ортағасырлық Сығанақ тарихы бойынша тарихи жазба, нумизматикалық және өзге де дереккөздердің электрондық нұсқаларын әзірлеу және сандық деректер базасына енгізу арқылы ескерткіштің цифрлық деректер базасы құрылады.

**Қол жеткізілген нәтижелер:** Жобаны іске асыру кезінде барлық қолжетімді құжаттаманы жүйелеу, ғарыштық және дронмен түсірілген суреттер бойынша қалашықтың топографиясы зерттеліп сараптама жасалды; қалашықтың орталық бөлігінде құрылыстар, магистральдық көшесінің бойында тұрғын үйлер құрылысы зерттелді (қазбаның жалпы ауданы 1000 м<sup>3</sup>); қала құрылысының ерекшеліктері мен функциялары туралы, тұрғын үй және қоғамдық кешендер бойынша жаңа деректер алынды; ашылған нысандарда уақытша консервация жұмыстары жүргізілуде; зерттеу жұмыстың барысы толық сипатталып жазылып; археологиялық жәдігерлердің бастапқы және статистикалық сұрыптау жүргізулуде; зертханалық зерттеулер жүргізу үшін сынамалар іріктеліп лабораторияға жіберілді.

#### **Зерттеу тобының мүшелері:**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Scopus Author</b>	<b>Researcher ID</b>	<b>ORCID</b>	<b>Ескерту</b>
1	Б. Сыздықов	57210560635		0000-0001-8115-5810	
2	Ж.М.Тулибаева				

2	К.Жетібаев	55927576900		0000-0002-1241-3676	
3	М.Бахтыбаев			0000-0002-9027-0295	
4.	М.Гурсой	57208454280		0000-0003-1042-5697	
5	С.Мургабаев	56658749100		0000-0002-4087-4592	
6	Л.Малдыбек ова	56658736600		0000-0002-7154-4350	
7	Қ. Арынов			0000-0003-1248-7525	
8	А.Сералиев				
9	М.Амантуро в				

### **2021 жылдың күнтізбелік жоспарына сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі**

1. Syzdykov B. , Zhetibayev K. , Bakhtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия историческая. Т.103. №4(2021).

2. Сиздигов Б.С., Жетібаев К.М., Арынов Қ.С., Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Гурсой М., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж., Сералиев А.А. Сығанақ қалашығында 2021 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері // ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Мәдени мұраны сақтау, зерттеу, насихаттау үрдісіндегі өткен белестер» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Шәуілдір, 2021.

3. Сиздигов Б.С., Жетібаев К.М., Арынов Қ.С., Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Гурсой М., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж., Сералиев А.А. Ортағасырлық Сығанақ қаласының қорғаныс жүйесінің зерттелуі // ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Мәдени мұраны сақтау, зерттеу, насихаттау үрдісіндегі өткен белестер» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Шәуілдір, 2021.